**Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Қ.К. Тоқаев пен Ресей Федерациясының Үкіметі Төрағасының бірінші орынбасары М.М. Касьяновтың 2000 жылғы 19 қаңтардағы келіссөздерінің қорытындылары бойынша қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 21 наурыз N 418

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Қ.К. Тоқаев пен Ресей Федерациясының Үкіметі Төрағасының бірінші орынбасары М.М. Касьяновтың 2000 жылғы 19 қаңтардағы келіссөздерінің қорытындылары бойынша қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру және Қазақстан-Ресей ынтымақтастығын одан әрі дамыту мен кеңейтуді қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Қ.К. Тоқаев пен Ресей Федерациясының Үкіметі Төрағасының бірінші орынбасары М.М. Касьяновтың 2000 жылғы 19 қаңтардағы келіссөздерінің қорытындылары бойынша қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шарлардың жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары мен ұйымдары Жоспарда көзделген іс-шараларды орындау жөнінде нақты шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі кем дегенде жартыжылдықта бір рет осы қаулының орындалу барысы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2000 жылғы
N 418 қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Қ.К. Тоқаев пен Ресей

Федерациясының Үкіметі Төрағасының бірінші орынбасары<br>М.М. Касьяновтың 2000 жылғы 19 қаңтардағы келіссөздерінің<br>қорытындылары бойынша қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру<br>жөніндегі іс-шаралардың жоспары

| N<br>р/с | Іс-шара | Орындау<br>мерзімі | Жауапты<br>орындаушылар |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| | **1. Электр энергетика саласында** | | |
| 1 | "Екібастұз ГРЭС-2 станциясы" ЖАҚ-<br>ның акциялар пакетінің 50 процен.<br>тін "ЕЭС России" РАҚ меншігіне са.<br>тып алуы жөніндегі құжаттардың<br>жиынтығына қол қою | 2000 жылдың<br>1 шілдесіне<br>дейін | Қаржы министрлігінің<br>Мемлекеттік мүлік және<br>жекешелендіру комитеті |
| 2 | Қазақстан Республикасының Үкіметі.<br>не "Екібастұз ГРЭС-2 станциясы"<br>ЖАҚ-нан электр энергиясын 49 жыл<br>мерзімге аталған жүйенің өткізу<br>қабілеттілігінің 50 проценті көле.<br>мінде "ЕЭС России" РАҚ-ына ВЛ-500<br>кВ (Екібастұз ГРЭС-1 - "Тавриялық"<br>кіші станция) бойынша беруге ар.<br>налған құқық ұсыну туралы<br>қаулының жобасын енгізу | 2000 жылдың<br>1 сәуіріне<br>дейін | Энергетика, индустрия<br>және сауда министрлігі |
| 3 | "Екібастұз ГРЭС-2 станциясы" ЖАҚ<br>бірлескен Қазақстан-Ресей кәсіп.<br>орнының тиімді жұмысын қамтамасыз<br>ететін ВЛ-500 кВ (Екібастұз ГРЭС-1<br>- "Тавриялық" кіші станция) бойын.<br>ша электр энергиясының транзитіне | 2000 жылдың<br>1 сәуіріне<br>дейін | Табиғи монополияларды<br>реттеу, бәсекелестікті<br>қорғау және шағын биз.<br>несті қолдау жөніндегі<br>агенттік |

арналған тарифтен он жыл мерзімге
50 процент көлемінде жеңілдік бе.
руді қамтамасыз ету

-----------------------------------------------------------------------------

4 1. "Солтүстік" разрезінде көмір 2000 жылдың Қаржы министрлігінің
шығарумен технологиялық байланысты 1 сәуіріне Мемлекеттік мүлік және
объектілерге меншік құқығын ресім. дейін жекешелендіру комитеті,
деуді аяқтау: Мемлекеттік кіріс минис.
1) Солтүстік өндірістік-көліктік трлігі, Әділет министр.
басқармасының (СӨКБ) мүлкі және лігі
1996 жылғы 5 желтоқсандағы N 04/008-96
келісім-шартқа N 6 қосымшаға сәйкес
басқа да объектілер
2) "Еңбекші" және "Екпінді" 2000 жылдың
станциялары 1 қазанына дейін
3) Төрелік соттарға тиісті талап- 2000 жылдың
арыздар 5 наурызына дейін
енгізу

-----------------------------------------------------------------------------

5 "ЕЭС России" РАҚ-мен "Солтүстік" 2000 жылдың Инвестициялар жөніндегі
разрезі мен "Богатырь" разрезінің 15 наурызына агенттік
N 9 және N 10 алаңдары бойынша дейін
"ЕЭС России" РАҚ және "Аксесс
Индастриз Инк." компаниясымен
келісілген шекарада жер қойнауын
пайдалануға келісім шартқа қол
қою

-----------------------------------------------------------------------------

6 1996 жылғы 5 желтоқсандағы 2000 жылдың Қаржы министрлігінің
N 04/008-96 сатып алу-сату келі. 1 шілдесіне Мемлекеттік мүлік және
сім-шартына сәйкес орындалмаған дейін жекешелендіру комитеті
инвестициялық міндеттемелердің
көлемін айқындау және оны реттеу
мен өтеудің тетігін әзірлеу

-----------------------------------------------------------------------------

7 Екібастұз ГРЭС-2-нің активтерін 2000 жылдың Инвестициялар жөніндегі
несиелік берешектер бойынша мін. 1 сәуіріне агенттік, Қаржы министр.
деттемелерден босату, "Солтүстік дейін лігінің Мемлекеттік
разрез" ЖАҚ-ның несиелік берешек. мүлік және жекешеленді.

| | | | |
|---|---|---|---|
| | тері мен "даулы аумақтар туралы"<br>мәселені реттеу жөніндегі өтемақы.<br>лық төлемдерді өтеу үшін берешек.<br>терді қайта құрылымдау мен өзара<br>есептеуді жүзеге асыру | | ру комитеті, Әділет ми.<br>нистрлігі, Мемлекеттік<br>кіріс министрлігі, Энер.<br>гетика, индустрия және<br>сауда министрлігі |
| 8 | "Байқоңыр" ғарыш айлағын, "Бал.<br>қаш" ЗШЕЖ-ні және Қазақстан Рес.<br>публикасының аумағында орналасқан<br>полигондарды электр энергиясымен<br>қамтамасыз етудің тәртібін белгілеу | 2000 жылдың<br>1 шілдесіне<br>дейін | Энергетика, индустрия<br>сауда министрлігі |

2. Мұнай және газ саласында

| | | | |
|---|---|---|---|
| 9 | Үкіметаралық мәжілістердің<br>барысында Каспий құбыр желісі<br>консорциумы құрылысының жәй-<br>күйін қарау | 2000 жылдың<br>1 қаңтарына<br>дейін | Энергетика, индустрия<br>сауда министрлігі,<br>Сыртқы істер министр.<br>лігі |
| 10 | Қолда бар қайта өңдеу қуаттарын<br>пайдаланудың тиімділігін арттыру<br>және жаңа мұнай мен газ өңдеу<br>зауыттарын құру, ұлттық компания.<br>лардың мұнай және газ өндіруі жө.<br>ніндегі қуаттарды іске қосуды<br>жандандыру белсенділігін арттыру<br>саласындағы бағдарламаларды ұзақ<br>мерзімді негізде іске асыру үшін<br>жағдайлар жасау жөнінде, сондай-ақ<br>басымдықты тәртіппен екі елдің ау.<br>мағы арқылы өтетін мұнай мен газ<br>тасымалдау бойынша, мұнай-газ және<br>мұнай өнімі құбыры жүйелері бойынша<br>қызмет көрсетулер ұсыну жөнінде<br>Ресей жағымен келісілген ұсынысты<br>табыс ету | 2000 жылдың<br>1 шілдесіне<br>дейін | Энергетика, индустрия<br>сауда министрлігі |

3. Қорғаныстық-өнеркәсіптік кешен саласында

| | | |
|---|---|---|
| 11 Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы ынтымақ. тастық жөніндегі үкіметаралық ко. миссияға қару-жарақ пен әскери тех. ника өндірісін интеграциялау және ҒЗТКӘ-ні бірлесіп жүргізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін бірлескен жұмыс тобын құру | 2000 жылдың 1 шілдесіне дейін | Энергетика, индустрия сауда министрлігі, Қорғаныс министрлігі |

----------------------------------------------------------------------

4. Өнеркәсіптік өндіріс саласында

----------------------------------------------------------------------

| | | |
|---|---|---|
| 12 Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының 1998-2007 жылдарға арналған экономикалық ынтымақтас. тығы бағдарламасын іске асыру жөніндегі үйлестіру кеңесінің жұмысын жандандыру:<br>1) ұлтаралық құрылымдар, бірлескен кәсіпорындар құру мақсатында қажетті нормативті-құқықтық базаны әзірлеуді қоса алғанда, экономиканың басымдықты салаларында (машина жасау, метал. лургия, байланыс, көлік, АӨК, әскери-экономикалық ынтымақтастық) ынтымақ. тастықты дамыту жөніндегі шаралардың кешенін жүзеге асыру<br>2) металдарды, қорытпаларды және басқа да өнімдерді бірлесіп өндіру мен сату жөніндегі келісілген ұсыныстарды қоса алғанда, кен-металлургия және химия салаларындағы өзара байланысты өндіріс. тік кешендерді қалпына келтіру және дамыту жөніндегі мақсатты мемлекетаралық жобаларды қалыптастыру жөнінде ұсыныс әзірлеу<br>3) екі мемлекеттің тауар өндірушілері үшін Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының машина жасау кәсіпорын. дарындағы өнімдерінің өзара лизингін | 2000 жылдың 1 қазанына дейін | Экономика министрлігі, Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, Көлік және коммуника. циялар министрлігі, Қорғаныс министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі |

ұйымдастырудың принциптерін, жүзеге
асырудың тетіктері мен схемаларын
әзірлеу
4) Қазақстан Республикасы мен Ресей
Федерациясының арасындағы ынтымақтастық
жөніндегі үкіметаралық комиссияның
қарауына тиісті ұсыныстарды енгізу
------------------------------------------------------------------------
5. Ауыл шаруашылығы саласында
------------------------------------------------------------------------
13 Қазақстан Республикасына лизингтік 2000 жылдың  Ауыл шаруашылығы минис.
negізде астық жинау комбайндары    1 сәуіріне   трлігі, Энергетика, ин.
мен басқа да ауыл шаруашылығы        дейін      дустрия және сауда
техникаларын берудің, Қазақстанға               министрлігі
берілетін техниканың жеке тораптары
мен бөлшектерін шығаруды қарастыруды
қоса алғанда, машина-технологиялық
станциялардың, сервистік орталықтар.
дың желілерін ұйымдастыру жөніндегі
бірлескен кәсіпорындар құрудың мүм.
кіндіктерін қарастыру мақсатында
бірлескен жұмыс тобын құру
------------------------------------------------------------------------
14 Қазақстандық астықты Ресей Феде.   2000 жылдың  Көлік және коммуникация
рациясының аумағы арқылы Әзірбай.  1 сәуіріне   лар министрлігі, Ауыл
жанның, Белоруссияның және Украи.   дейін       шаруашылығы министрлі.
наның рыноктарына тасымалдауға ар.             гі, Мемлекеттік кіріс
налған теміржолдық тарифтік став.              министрлігі
калары туралы мәселені талқылау
жөнінде келіссөздер жүргізу
------------------------------------------------------------------------
15 Шегірке тектес және басқа да ауыл  2000 жылдың  Ауыл шаруашылығы минис.
шаруашылығы зиянкестерімен күрес   1 наурызына  трлігі
жөніндегі келісілген іс-әрекет.       дейін
терді жасау туралы бірлескен жұмыс
тобын құру
------------------------------------------------------------------------
6. Ғылыми-техникалық ынтымақтастық саласында
------------------------------------------------------------------------

```
16 Ғылым мен техника саласындағы      2000 жылдың  Ғылым және білім минис.
   Қазақстан-Ресей ынтымақтастығы     1 қазанына   трлігі, Энергетика, ин.
   бағдарламасына енгізу үшін иннова.    дейин     дустрия және сауда
   циялық саладағы өзара іс-қимылды                министрлігі
   дамытуды, озық технологиялардың
   трансферін, сондай-ақ ғылыми-тех.
   никалық қызметтің нәтижелерін бір.
   лескен коммерцияландыруды көздейтін
   іс-шараларды әзірлеу
-----------------------------------------------------------------------
               7. Салық салу және тарифтік саясат саласында
-----------------------------------------------------------------------
17 Тауарлардың (жұмыстардың, қызмет   2000 жылдың  Мемлекеттік кіріс минис.
   көрсетулердің) экспорты мен импор. 1 сәуіріне   трлігі
   ты кезінде қосылған құнға салық       дейін
   алудың принциптері туралы үкімет.
   аралық келісім мен "Тауарлардың
   экспорты мен импорты кезінде арнал.
   ған елдің принципі бойынша қосылған
   құнға салық алудың, сондай-ақ нақты
   қозғалысын бақылаудың тетігі туралы"
   ереженің жобаларын қол қоюға әзірлеу
-----------------------------------------------------------------------
18 "Қазақстан темір жолы" РМК мен      2000 жылдың  Көлік және коммуникация
   Ресей темір жолдарының арасындағы   1 шілдесіне   лар министрлігі
   тасымалдау құжаттарын ресімдеудің      дейін
   тәртібі және Ресей Федерациясы аума.
   ғында орналасқан Қазақстан Республи.
   касы темір жолдары учаскелері өкіл.
   дерінің және Қазақстан Республикасы
   аумағында орналасқан Ресей Федерациясы
   темір жолдары учаскелері өкілдерінің
   қатысуымен жүктерді тасымалдау кезін.
   дегі тасымалдау төлемдерін төлеу туралы
   келісімнің жобасын қол қоюға әзірлеу
-----------------------------------------------------------------------
           8. Ғарыш кеңістігін зерттеу және пайдалану саласында
_______________________________________________________________________
19 1) "Байқоңыр" ғарыш айлағы объекті. 2000 жылдың  Энергетика, индустрия
```

лерінің базасында бірлескен ғарыш.  1 шілдесіне  және сауда министрлі.
тық жобаларды іске асыру туралы         дейін     гінің Аэроғарыш коми.
үкіметаралық келісімнің жобасын қол              теті
қоюға әзірлеу
2) "Байқоңыр" ғарыш айлағынан коммер.
циялық ұшуларға Қазақстан Республика.
сының кәсіпорындары мен ұйымдарының
қатысуы туралы "Байқоңыр" кешені
бойынша Қазақстан -Ресей кіші комис.
сиясына ұсыныс енгізу

---

9. Атом энергиясын пайдалану саласында

---

20 Ресей тарапымен бірлескен консульта. 2000 жылдың  Энергетика, индустрия
циялар өткізу және Қазақстан Респуб. 1 шілдесіне  және сауда министрлі.
ликасы мен Ресей Федерациясының ара.    дейін     гі
сындағы ынтымақтастық жөніндегі үкі.
метаралық комиссияға нормативтік-
құқықтық негіздердің жақындасуы мен
атом энергиясын пайдалану процесінде
қауіпсіздікті қамтамасыз етуде келі.
сілген тәсілді жасау жөніндегі ұсыныс.
тарды табыс ету

---

21 Қазақстан Республикасы мен Ресей     2000 жылдың  Энергетика, индустрия
Федерациясының арасындағы ынтымақ.   1 қазанына   және сауда министрлігі
тастық жөніндегі үкіметаралық комис.    дейін
сияға екі жақты және көп жақты кон.
сультациялар өткізу және кездесулер
ұйымдастырудың негізінде ядролық
және радиоактивтік материалдарға ба.
қылау жасау және олардың заңсыз айна.
лымына қарсы күресті ұйымдастыру са.
ласындағы ынтымақтастықты кеңейту
жөніндегі ұсыныстарды табыс ету

---

22 1. 1998 жылғы 6 маусымдағы және 1999 2000 жылдың  "Қазаатомөндіріс" ҰАК
жылғы 1 желтоқсанындағы Келісімдерге 1 қазанына   (келісім бойынша)
сәйкес жұмыстарды жалғастырумен         дейін

"ТВЭЛ" AAҚ-мен акцияларды айырбастау
жөніндегі жұмысты аяқтау

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК